

## Қазақстан Республикасындағы Білім және ғылым объектілерін жекешелендірудің 2000-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 11 сәуір N 555

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834

Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы Білім және ғылым объектілерін жекешелендірудің 2000-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлданды.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң                      2 0 0 0                      ж ы л ғ ы

1 1                      с ә у і р д е г і

N                      5 5 5                      қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

## Қазақстан Республикасындағы Білім және ғылым объектілерін жекешелендірудің 2000-2005 жылдарға арналған Тұжырымдамасы Кіріспе

1999 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік тапсырыс және бәсекелестік ортаны мақсатты түрде құру жүйесіне көшу жолымен мемлекеттік бюджет есебінен көрсетіліп отырған қызметтер көлемін сақтай отырып, мемлекеттік мекемелерді ұстауды қаржыландыруды төмендетуге бағытталған бюджеттік экономикалық реформаның жаңа бағыты болып табылды.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357 Заңына сәйкес білім және ғылыми-техникалық саланың объектілері (ұйымдар) шектеулі мөлшерде мемлекеттік мекеме ретінде және негізінен мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар ретінде көрсетілген.

Тек мектептер, мектеп-интернаттар, балалар үйлері ғана білімнің мемлекеттік мекемелері болып табылады. Барлық өзге ұйымдар мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар болып қайта құрылған.

Ғылыми-техникалық салада Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедиция, академик Қ. Сәтпаевтың мемориалды музейі Қазақстан Республикасының Жоғарғы

аттестациялық комиссиясы мемлекеттік мекемелер болып табылады, ал 200-ден астам объект мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар болып қайта құрылған.

Жүргізілген институционалдық реформа білім және ғылыми-техникалық сала объектілерін белсенді түрде жекешелендіруге әзірледі. Сонымен қатар 1997-1999 жылдардағы білімнің коммуналдық меншіктегі объектілерін секторлық жекешелендіру нәтижелері келеңсіз сипат алды.

Жалпы экономикалық жағдайлардың өзгеруі, бюджеттік реформаны жүргізу жекешелендіріліп отырған объектілердің құрамын өзгерту мемлекеттің оның мемлекеттік мүлікке билік ету жөніндегі саясатын ауық-ауық түзетуін және жинақталған тәжірибені ескере отырып, қолданылып жүрген заңды жетілдіруін талап етеді.

Қазақстан Республикасындағы Білім және ғылым объектілерін жекешелендірудің 2000-2005 жылдарға арналған осы тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721, "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру шаралары туралы" 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834 заң күші бар Жарлықтарына (бұдан әрі - Жарлық) сәйкес және Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 1999 жылғы 1 қыркүйекте Парламенттің V сессиясының ашылуында айтылған тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 9-тармағын орындау үшін әзірленді.

**Ескерту. 4-абзацқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.27. N 1191 қаулысымен**

## **1. Жекешелендірудің өткен кезеңдерін әлеуметтік-экономикалық бағалау Мектепке дейінгі және білім объектілері**

Желіні оңтайландыруға, жеке секторды дамытуға бағытталған мектепке дейінгі және орта білім жүйесін 1997-1999 жылдары реформалау негізінен мектепке дейінгі және орта білімнің мемлекеттік секторын қалыптастыруды аяқтады, осы ретте білімнің коммуналды меншіктегі 1600 ұйым жекешелендіруге шығарылды.

Орта білім объектілерін оңтайландыру нәтижесінде 1999 жылғы 1 қыркүйекте республиканың 573 ауылдық елді-мекендерінде, оның үстіне олардың 510 елді-мекендерінде мектеп жасындағы 11473 бала тұрып жатқанына қарамастан, бірде-бір жалпы білім беретін мектеп жоқ. Аталған елді-мекендерден жақындағы мектепке дейінгі ара қашықтық 175 шақырымға дейін жетеді.

1997 жылдан 1999 жылға дейінгі кезең ішіндегі жеке мектептердің даму қарқыны мынандай: 1997 жыл - 124, 1998 жыл - 180, 1999 жыл - 194 бірл. Қазіргі жұмыс істеп тұрған жеке мектептердің негізгі үлесі халықтың қалалық бөлігіне тиеді. Үстіміздегі жылы ауылда небары 10 мектеп немесе 635 бала оқып жатқан республикадағы 194

жеке мектептің 5,2 пайызын құрайтын мектептер жұмыс істеуде.

Соңғы жылдары, сондай-ақ білімнің интернаттық ұйымдары желісін қысқарту тенденциясы орын алып отыр (жекешелендіруден кейін 1364 объектіден 461 ғана жұмыс жасауда).

Мектепке дейінгі мекемелердің желісін оңтайландыру 8526 ұйымының 7368-і (87 пайыз) бос тұрған деп жарияланып, одан кейін жабылуға және жекешелендіруге шығарылуға әкеліп соқты. Осы ретте бос тұрған объектілердің бәрі бірдей сұранысқа ие болмады. Нәтижесінде бос тұрған объектілердің мемлекеттік мүлкі жарамсыз болып қалды және жоғалып кетті. 1999-2000 оқу жылының басына небары 1043 мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары жұмыс жасап отыр.

Сондай-ақ мемлекеттік емес мектепке дейінгі ұйымдардың даму серпіні төмендегенін айта кеткен жөн: 1996 - 319, 1997 - 282, 1998 - 224, 1999 - 115 бірл. Бүгінгі күні жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметі коммуналдық қызметтерге арналған тарифтердің жоғарылығынан, халықтың төлеуге қабілетсіздігінен, қатаң салық саясатынан рентабельді емес. Бұдан басқа қазыналық кәсіпорын мәртебесіне көшу мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының экономикалық жағдайына, балалардың келуіне және контингенттің қалыптасуына кері әсерін тигізді. Осыған байланысты, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мемлекеттік желісі жекеменшік ұйымдармен бірге оқыту және тәрбиелеу үшін, аталған жастағы балаларды толық қамти алмай отыр.

Сонымен бірге "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 23-бабының негізінде бес (алты) жастағы балаларды мектеп алдындағы даярлау міндетті және тегін болып табылады, соған лайық мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының рөлі артады. "Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстанды дамыту стратегиясын 2030 жылға дейін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834 Жарлығымен (4-бөлім N 3 қосымша) Үкіметке мектепке дейінгі білім беруге халықтың аз қамтылған жігінің қол жеткізу жағдайын жақсарту жөнінде тапсырылған.

Мемлекеттік мектептен тыс ұйымдар желісінің даму серпіні мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дамуымен бірдей өтеді. Жекешеленгеннен кейін объектілер бейіні бойынша қолданылмады, соның нәтижесінде қызмет көрсету аясы тарылды, жұмыс істеп тұрған мемлекеттік ұйымдардың толықтырылуы мен жүктемесі өсті.

Аталған бейінді мемлекеттік қолдауды Заңның мемлекеттік мектептен тыс ұйымдардың білім беру қызметтеріне қол жеткізуді сақтауға негізделген 19-бабы қамтамасыз етеді.

Бастауыш және орта кәсіптік білім ұйымдарын оңтайландыру мемлекеттік кәсіптік-техникалық училищелер желісінің 1996 жылдың 1 қазанындағы 404-тен 1999 жылғы 1 қазанда 245-ке күрт қысқаруына әкеліп соқты. Оқушылардың саны 1999

жылғы 127158-тен 1999 жылғы 85380 адамға төмендеді. Жыл сайын оқушыларды қабылдау жоспары қысқаруда.

Аталған білім деңгейінің жеке секторы бірыңғай дамымай отыр. Бастауыш кәсіптік білімнің мемлекеттік емес ұйымдары мемлекеттікке қарағанда небары 8,5 пайыз, орта кәсіптік білім 40 пайыз құрайды.

ТМД елдерінде шағын және орта бизнесті дамытуға арналған бастауыш және орта кәсіптік білімнің мемлекеттік желісін едәуір ұлғайту жөніндегі іс-шаралар қабылданған.

Біздің елімізде де шағын кәсіпкерлікті дамыту шеңберінде оқушы жастарды бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарының желісі арқылы ерте кәсіптендіру міндеті Заңмен қойылып отыр.

Жоғарыда айтылғанға байланысты мектепке дейінгі және орта білім объектілерінің жұмыс істеп тұрған желісін мемлекет меншігінде сақтап қалу жоспарланып отыр.

## **Жоғарғы кәсіптік білім, ғылыми-техникалық сала объектілері**

1999 жылдың бюджет реформасына дейін республика меншігінде тұрған жоғары кәсіптік білім және ғылыми-техникалық сала объектілері жекешелендірілуге жатпайтын объектілерге жатқызылған болатын.

2000 жылдың бюджеті, білім және ғылыми-техникалық сала ұйымдарында жүзеге асырылған институционалдық өзгерістер аталған салаларда жекешелендіру процестерін тереңдетуге әкеліп отыр.

Президенттің тапсырмалары мен мемлекет саясатын орындау үшін заңдарға сәйкес жекешелендіруге жатпайтын объектілерден басқа республика меншігіндегі жоғары кәсіптік білім және ғылыми-техникалық сала объектілерін заңдарда көрсетілген тәртіппен акционерлік қоғамдарға қайта құруға немесе кейіннен сатып алу құқығымен сенімді басқаруға беру жоспарланып отыр.

Ерекше мәртебесі, аумақтық белгісі бар, аса тапшы мамандарды оқытып шығаратын және түйінді зерттеулерді жүзеге асыратын объектілер жекешелендіруге жатпайды.

Мәртебесі және әлеуеті бойынша аса ірі және бірегей объектілер осы кәсіпорындарда жұмыс істейтін еңбек ұжымдарының мүдделерін ескере отырып, Жарлықтың 7-бабының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімдері бойынша жекелеген жобалар түрінде жекешелендіруге жатады.

## **2. Тұжырымдаманың негізгі мақсаттары мен міндеттері**

Білім және ғылыми-техникалық саладағы объектілердің қызметіне тән ерекшеліктердің анықталуы, республика меншігіндегі объектілердің бірегейлігі негізінде Тұжырымдаманың мақсаты жекешелендірудің негізгі бағыттарын заңда

белгіленген тәртіппен айқындау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабында азаматтарға мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік берілген. Орта білімнің мемлекеттік жүйесінің ауқымы мен өсу нормалары қолданылып жүрген заңдармен айқындалған.

Мақсатқа жету мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

білім және ғылым салаларындағы жекешелендірудің бағыттары мен шекараларының бірыңғай тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу;  
білім және ғылым объектілерін жекешелендіруге шығарудың негізгі принциптерін айқындау;

жекешелендірудің мерзімдері мен түрлерін белгілеу жөнінде жұмыс комиссиясын құру;

білім және ғылым ұйымдарының жекешелендіру шарттарын жасау;  
жекешелендірудің кезеңдерін айқындау;

білім және ғылым объектілерінің Тізбесін әзірлеу:

а) мемлекет меншігінде сақталатындар (жекешелендіруге жатпайтындар);

б) жекешелендіруге жататындар;

республика меншігінде тұрған және жеке жобалар бойынша заңда белгіленген тәртіппен жекешелендірілетін жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық сала объектілерінің Тізбесін әзірлеу.

### **3. Білім және ғылыми-техникалық саланың объектілерін жекешелендірудің негізгі принциптері**

Жекешелендіруді жүргізген кезде оның негізгі принциптері: жариялылық, бәсекелестік, заңды мұрагерлік, лауазымды тұлғалардың жекешелендіруді жүргізудің заңдылығы үшін және жекешелендіруге қойылған объектілер туралы ұсынылған деректердің дұрыстығы үшін жауаптылығы болып табылады. Сонымен қатар, білім және ғылым саласының ерекшеліктерін ескере отырып, оның негізгі принциптеріне:

азаматтардың тегін міндетті орта білім алуға және конкурстық негізде жоғары білім алуға деген конституциялық құқықтарын сақтау;  
еңбек ұжымдарының құқықтарын сақтау жатады.

### **4. Жекешелендірудің негізгі түрлері мен шарттары**

Республикалық, коммуналдық меншіктегі білім және ғылыми-техникалық салалардағы объектілерді заңда белгіленген тәртіппен жекешелендіруді осыған өкілеттігі бар мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Мемлекеттік мүліктің мынадай түрлері: мүліктік кешен тәрізді кәсіпорындар, мекемелер; жекешелендіру томаға-тұйық технологиялық циклды бұзбайтын, кәсіпорындардың құрылымдық бірліктері жекешелендірудің объектілері болып

т а б ы л а д ы .

Сатуға тікелей қойылмайтын, бірақ оның кейіннен сатылуын көздейтін іс-қимыл ретінде жекешелендірудің алдын-ала сатыларынан білім және ғылым салалары үшін:

1) мүліктік кешен тәрізді кәсіпорындарды кейіннен сатып алу құқығымен, белгіленген тәртіп бойынша, сенімді басқаруға беру;

2) кәсіпорындарды кейіннен акциялардың мемлекеттік пакеттерін сататын акционерлік қоғам етіп қайта құру қолданылады.

Білім объектілерінің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, коммуналдық меншіктегі білім объектілерін жекешелендіруге шығару рәсімі жөніндегі қолданылып жүрген заңға, жергілікті атқарушы органдар жекешелендіруге жататын объектілердің Тізбесін білім саласындағы орталық атқарушы органдармен алдын ала келісу қажеттігіне сәйкес өзгерістер енгізу жоспарланып отыр.

Арнайы құрылған жұмыс комиссиясы білім және ғылыми-техникалық салалардағы объектілерді жекешелендірудің түрлері мен мерзімдерін белгілейді.

## **5. Тұжырымдаманы іске асыру кезеңдері**

Тұжырымдаманы іске асыру екі кезеңді көздейді:

Бірінші кезеңде (2000-2001 жылдары) мынадай іс-шараларды жүргізу қажет: жекешелендіру саласындағы қолданылып жүрген құқықтық нормаларды талдау;

жекешелендіру алдындағы ұйымдастыру жұмыстарын өткізу;

- нормативтік-құқықтық актілер шығару;

- жекешелендіруге жататын жоғары кәсіптік білім және ғылыми-техникалық объектілерінің Тізбесін жасау;

- жекешелендіруге жатпайтын жоғары кәсіптік білім және ғылыми-техникалық объектілерінің Тізбесін жасау;

- білім және ғылым ұйымдарын жекешелендіру шарттарын;

- Тұжырымдаманы білім мен ғылым ұйымдарының еңбек ұжымдарының арасында кеңінен талқылай отырып, білім және ғылым салаларындағы жекешелендіру бағыттарының бірыңғай тұжырымдамалық негіздерін бұқаралық баспасөз беттерінде, радио мен телевизия арқылы жариялау.

білім және ғылыми-техникалық салалардағы бірқатар объектілерді жекешелендіруді заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асыру іс-шараларын өткізу қажет.

Екінші кезең (2002-2005 жылдары):

жекешелендірудің бірінші кезеңдегі қорытындысын шығару;

жекешелендірудің бірінші кезеңдегі қорытындысын ескере отырып,

Тұжырымдаманың негізгі бағыттарын жетілдіру;

саяси және экономикалық өзгерістерді ескере отырып, жекешелендіру жөнінде ұсыныстар дайындау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК